



Қазақстан Республикасының мемлекеттік салық комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 қыркүйек N 1181. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 қыркүйектегі N 3113 U963113_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы

ұсынылып отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Әділет министрлігімен бірлесе отырып, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 қыркүйектегі
N 1181 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік салық
комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті барлық деңгейдегі бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуына жауап беретін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін орталық атқарушы орган болып

табылады, ол сондай-ақ:

салық заңдары мен салық салу мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуына бақылауды;

салық және басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуін, олардың бюджетке толығымен және уақтылы енгізілуін қамтамасыз етуге бақылауды;

салық төлеуден жалтару немесе мемлекет алдында бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді орындамауға байланысты іс жүргізуді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің облыстық, қалалық және аудандық басқармалары мен бөлімдерінен тұратын жоғарыдан төмен қарай бағынысты органдары болады.

Салық қызметінің құрылымында жоғарғыдан төмен қарай бағыныстағы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасынан, облыстар және Алматы қаласы бойынша салық полициясы басқармаларынан және аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша оларға тікелей бағынысты салық полициясы бөлімдерінен тұратын салық полициясы органдары қызмет істейді. Салық полициясы органдары заңды тұлға болып табылады және банктерде ағымдағы және арнаулы шоттары, гербі бар мөрлері мен белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті және оның жергілікті жерлердегі органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің нормативтік құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Төрағаның орынбасарларын, оның ішінде Салық полициясы бас басқармасының бастығын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті төрағасының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, көлік, медициналық қызмет көрсету жағдайлары бойынша - Қазақстан Республикасының министріне, төрағаның орынбасарлары министрдің орынбасарларына теңестіріледі.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы мыналарды:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті орталық аппаратының қызметкерлерін:

облыстар және Алматы қаласы бойынша салық басқармаларының

бастықтары мен олардың орынбасарларын;

Салық полициясы бас басқармасы бастығының ұсынуымен облыстар және Алматы қаласы бойынша салық полициясы басқармаларының бастығын; аудандар, қалалар мен қалалардағы аудар бойынша салық бөлімдерінің бастықтарын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Аудандар, қалалар, қалалардағы аудар бойынша салық бөлімдерінің бастықтарының орынбасарларын, облыстар, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша салық басқармалары бөлімдерінің бастықтарын облыстар және Алматы қаласы бойынша салық басқармаларының бастықтары тағайындайды.

Барлық деңгейдегі салық органдарының біліктілік сипаттамасының талаптарына сәйкес келетін басқа да қызметкерлерін тиісті салық басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Салық полициясының қызметкерлері қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

7. Салық қызметі органдарының қызметкерлеріне педагогтік, ғылыми және басқа шығармашылық қызметтен өзге ақы төленетін басқа қызметпен шұғылдануға тыйым салынады.

8. Салық полициясы және оның жергілікті жерлердегі органдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Төрағасының орынбасары болып табылатын Салық полициясы бас басқармасының бастығына тікелей бағыныста болады.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің негізгі міндеттері

9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің негізгі міндеттері:

салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде бекітілген мөлшер мен сомада толығымен және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

салық заңдарының орындалуын қамтамасыз ету, оның тиімділігін зерделеу;

салық заңдарын бұзуға байланысты қылмыстарды болдырмау, анықтау және тергеу;

салық төлеушілерге олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, салық заңдары мен салық салу жөніндегі нормативті актілердегі

өзгерістер туралы салық төлеушілерді уақтылы хабарландырып отыру;
салық қызметі органдарының жұмысына басшылықты жүзеге асыру
болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің атқаратын қызметі

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті
мынадай қызметтер атқарады:

бюджеттерде көзделген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің
бюджетке түсуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүргізеді және салықтар
мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңдардың
сақталуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық
келісімдердің, шарттардың, контрактілердің жобаларына салықтың сараптама
ж а с а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

салық сату мәселелері жөніндегі заңдар басқа да нормативті құқықтық
актілер мен құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

салық заңдарын бұзушылық жайындағы арыздарды, хабарламаларды және
басқа ақпараттарды тексеруді жүзеге асырады;

салық төлеушілері арасында салық заңдарының қолданылуы жөнінде
түсіндіру жұмысын жүргізеді;

салық заңдарын бұзушылыққа талдау жүргізіп, баға береді және салықтық
құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды
жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізеді;

салықтардың түсуі туралы есеп алады, оны жинақтап, талдайды, сондай-ақ
бюджетке есептелген және төленген салықтардың есебін жүргізеді;

облыстар, Алматы қаласы, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар
бойынша салық органдары жұмысының ұйымдастырылуына тексеру жүргізеді,
олардың нәтижелері бойынша ашылған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды
жою жөнінде шаралар қабылдайды, салық органдары басшыларының есебін
тыңдайды, оны ұйымдастыруға әдістемелік және іс жүзінде көмек көрсетеді,
салық органдарының жұмыс тәжірибесін зерттеп, енгізеді;

облыстар, Алматы қаласы, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар
бойынша салық органдарының салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті
төлемдерді жинау жөніндегі бақылауды жүзеге асырады;

кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар жүргізеді;

жасалған келісімдерге сәйкес шетелдік мемлекеттердің салық қызметімен және халықаралық салық ұйымдарымен байланысты жүзеге асырады, шет елдердің салық қызметінің жұмыс ұйымдастыру тәжірибесін зерттейді және оны Қазақстан Республикасы салық қызметінің жұмысына іс жүзінде қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

салық салу мәселелері жөніндегі шарттар жобасын әзірлеуге қатысады және үкіметаралық келісімдерді жүзеге асырады;

ақпараттық жүйе және автоматтандыру мен компьютерлендірудің басқа да құралдарын жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде қаржы органдарына салықтардың және бюджеттің алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің түсу сомасы туралы есеп ұсынады.

Салық полициясының бас басқармасы өзінің жергілікті жерлердегі бөлімшелері арқылы:

шұғыл-ізвестіру қызметін, жауап алу және салық тергеуін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

заңды және жеке тұлғалардың пайданы (табысты) жасыру немесе кемітіп көрсету, салық салынатын объектілерді көрсетпеу мақсатында жасаған қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарын, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтарудың өзге де түрлерін, сондай-ақ бюджетке салық пен басқа да төлемдердің түспеуіне немесе толық түспеуіне байланысты мемлекетке шығын келтірген өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтайды және тыйым салады;

тексеру материалдарын шешу және қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызметтеріне тексерулер және алдын ала қылмыстық тергеу жүргізеді;

салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін, оның қызметкерлерін қызмет міндеттерін атқаруы кезінде қылмыстық және өзге де құқыққа қол сұғудан өз құзыры шегінде қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

салық және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеуден жалтарып жүрген тұлғаларға қатысты олардың мемлекет алдында борышты екендігі немесе декларация тапсырудан жалтарғаны жөнінде ресми мәлімет болған жағдайда оларды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

салықтық құқық бұзушылықтар бойынша мемлекетке келген зиянның толық және уақтылы қайтарылуы жөніндегі шараларды ұйымдастырады және өз құзыреті шегінде шара қолданады;

салық қылмыстары және басқа құқық бұзушылықтар жөніндегі ақпаратты ұйымдастырады және өз құзыреті шегінде жинақтайды және талдайды;

салық қылмыстары туралы арыздарды, хабарламалар мен өзге де

ақпараттарды қарау жөнінде өз құзыреті шегінде жұмысты ұйымдастырады.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің жұмысын ұйымдастыру

11. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінде алқақ ұрылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті алқасының адам құрамын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы бекітеді.

12. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті және оның жергілікті жерлердегі салық қызметі органдары заңды тұлға болып табылады, банк мекемелерінде шоттары (оның ішінде валюталық) және белгіленген үлгіде мөрі болады.

13. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті мен салық қызметі органдары республикалық бюджет есебінен ұсталады.

14. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті өз жұмысында орталық және жергілікті атқарушы органдармен, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік бақылау органдарымен өзара қатынаста болады, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңмен қорғалады.

16. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің қызметкерлері республикалық бюджет қаражаты есебінен міндетті жеке сақтандырылуға жатады.

17. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің құрылымы мен қызметкерлер санын - Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал бекітілген құрылым, қызметкерлер саны және еңбекке ақы төлеу шегіндегі штат кестесін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы бекітеді. Облыстар, Алматы қаласы бойынша салық басқармаларының құрылымы мен санын - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы; аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық бөлімдерінің құрылымы мен санын бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған тиісті салық органдарының бастықтары белгіленген еңбекке ақы төлеу қоры және қызметкерлер санының лимиті шегінде бекітеді. Штат кестесін тиісті мемлекеттік салық органдарының бастықтары бекітеді.

18. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы облыстар, Алматы қаласы бойынша, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық органдары туралы ережені және Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің басқармалары мен бөлімдері туралы ережені бекітеді.

19. Салық қызметі органдарында әлеуметтік даму, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және материалдық ынталандыру қоры:

1) осы органдары қызметкерлерінің еңбекақы төлеу қоры сомасының 25 проценті мөлшерінде республикалық бюджет қаражаты;

2) жыл ішінде жинақталған еңбекке ақы төлеу қорын үнемдеу есебінен құрылады.

20. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті салық қызметінің әлеуметтік даму, материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын пайдалану тәртібін бекітеді.

21. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті облыстар, Алматы қаласы бойынша, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық органдарының қылмыстық іс жүргізу заңдарына сәйкес шығарылған шешімдерінен басқа шешімдері қолданылып жүрген заңдарға қайшы келген жағдайда оларды жоюға немесе тоқтата тұруға құқылы.

22. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің қызметкерлері салық төлеушілер туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы 175-бабының шарттарын есепке ала отырып, құпия ұстауға міндетті.

23. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің лауазымды адамдарының өзінің қызмет міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін заңдарда көзделген тәртіптік, материалдық және өзге жауапкершілікке тартылады.

24. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің қызметкерлері тікелей туыстық қатынастағы немесе қызметкердің яки оның тікелей туыстық қатынастағы туысқанының оған тура немесе жанама қаржылық мүддесі болған салық төлеушілерге қатысты кәсіптік міндетін жүзеге асыруға тыйым салынады.

25. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті лауазымды қызметкерлерінің жөнсіз іс-әрекеті салдарынан салық төлеушіге келтірілген зиян сот шешімі бойынша республикалық бюджеттен (бес жылдан аспайтын уақыт ішін) төленеді.